Әділет

# Сарыкөл ауданында 2015 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 208 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 маусымда № 5664 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 07-14/4 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды ( Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 05.01.2016 № 07-14/4 хаты).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5) тармақшасына, 20-бабына сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. Бекітілсін:

1) қоса беріліп отырған 2015 жылға арналған ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және жағдайлары;

2) айына ең төменгі айлық жалақының бір жарым мөлшерінде аудандық бюджет қаражаты есебінен қоғамдық жұмыстарда істейтін азаматтардың еңбегіне ақы төлеу.

3. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруда мыналар анықталсын:

1) мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар және әлеуметтік салық аудандық бюджеттен өтеледі және жұмыс берушілердің есеп айырысу шоттарына аударылады;

2) жалақыны төлеу мен аудару бойынша екінші деңгейдегі банктер қызметі үшін комиссиялық сыйақыны төлеуге арналған шығындар қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған шартпен белгіленген мөлшерде жұмыс берушілердің есеп айырысу шоттарына аудандық бюджеттен өтеледі.

4. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру "Сарыкөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және тізбеде белгіленген ұйым арасында, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған шартта көрсетілген

жағдайларда жүргізілсін.

5. Берілген қаулының орындалуын бақылау Сарыкөл ауданы әкімінің орынбасары Е.Н. Тұрабековке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 1 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

*Сарыкөл ауданының әкімі Э. Күзенбаев*

Әкімдіктің
2015 жылғы 8 маусымдағы
№ 208 қаулысымен бекітілген

## 2015 жылға арналған ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері және жағдайлары

| Рет бойынша № | Ұйымдардың атауы | Жұмыстардың түрлері | Қоғамдық жұмыстардың көлемі | Қоғамдық жұмыстардың жағдайлары |
|---|---|---|---|---|
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Барвинов ауылының аумағын жинау мен абаттандыруға көмек | 75 920 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Веселый Подол ауылының аумағын жинау мен абаттандыруға көмек | 79 521 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Златоуст ауылының аумағын жинау мен абаттандыруға көмек | 128 146 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | "Сарыколь ДорСтрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Новое ауылының аумағын жинау мен абаттандыруға көмек | 106 234 шаршы метр | 1) жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы қажет; 2) еңбек жағдайын және қорғауын заңнамаға сәйкес қамтамасыз ету, әр жұмыссызбен қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жүргізу; 3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес уақытша жұмысқа қабілетсіздігі жөнінде әлеуметтік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету; 4) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс беруші және жұмысшының арасында барлық еңбек қатынастарын сақтау; 5) зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнаманы сақтау |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Комсомольское ауылының аумағын жинау мен абаттандыруға көмек | 79 394 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Ленинградское ауылының аумағын жинау мен абаттандыруға көмек | 4 774 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Большие Дубравы ауылының аумағын жинау мен абаттандыруға көмек | 89 813 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Маяк ауылының аумағын жинау мен абаттандыруға көмек | 134 559 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Сорочин ауылының аумағын жинау мен абаттандыруға көмек | 116 395 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Севастополь | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ауылының аумағын жинау мен абаттандыруға көмек | 101 230 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Тағыл ауылының аумағын жинау мен абаттандыруға көмек | 100 345 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Тимирязев ауылының аумағын жинау мен абаттандыруға көмек | 91 814 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Урожайное ауылының аумағын жинау мен абаттандыруға көмек | 150 724 шаршы метр | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Сарыкөл кенті аумағын жинау мен абаттандыруға көмек | 980 695 шаршы метр | |
| | БАРЛЫҒЫ | | 2 239 564 шаршы метр | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК